

НАБЛЮДАТЕЛЬНЫЙ СОВЕТ КАЗНУ ВОЗГЛАВИЛ МИНИСТР

В КазНУ состоялось заседание Наблюдательного совета во главе с его новым председателем – Министром образования и науки РК Асланом Саринжиповым.

На заседании были рассмотрены вопросы состояния и перспектив развития КазНУ им. аль-Фараби, подготовки кадров по программе интеграции университета с НИИ Комитета науки МОН РК на базе РГП «Ғылым ордасы».

Ректор КазНУ Ғалым Мутанов подробно ознакомил с результатами деятельности коллектива и достижениями КазНУ за 2010–2014 год, а также рассказал о дальнейшей стратегии развития вуза, ответил на интересующие вопросы членов совета.

«За этот период университетом достигнуты значительные успехи. Теперь перед нами ставятся новые стратегические задачи, вытекающие из приоритетов форсированного инновационно-индустриального развития нашей страны и Стратегии «Казахстан – 2050»: новый политический курс состоявшегося государства». Для реализации этих амбициозных задач, в нашем вузе есть все возможности – грамотные специалисты, опыт, традиции, материальная база, и, самое главное – желание идти по пути прогресса. Актуальным для КазНУ является и вопрос присвоения статуса национального исследовательского университета. Это откроет широкие возможности введения новаций в содержание образовательной, научной и инновационно-производственной деятельности, а также даст вузу больше самостоятельности», — отметил в своем выступлении ректор.

Продолжение на 2 стр.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЖАҢА БАСТАМАЛАР

8 қыркүйектегі ректорат мәжілісінде 2014–2015 оқу жылындағы білім беру үдерісінің сапасын арттыру шаралары туралы оқу жұмысы жөніндегі проректор Дархан Жұмақанұлы Ахмед-Закидің баяндамасы тыңдалды.

Проректор университет жетістігін анықтайтын факторларға, оқу сапасын басқару жүйесіне, студенттердің сабаққа қатысу, қатыспауын қадағалау жағына баса назар аудару керектігін тілге тиек етті. Түлектердің жұмысқа орналасуын жақсарту жолдарын қолға алынатынын айта кетті. Сонымен қатар Дархан Жұмақанұлы оқытушылардың құзыреттілігі, әсіресе, ағылшын тілінде сабақ жүргізетін ұстаздар өз біліктілігін арттырып отыруына көңіл бөлу керектігіне тоқталды. Осы тұста айта кетейік, күні бүгін университетте ағылшын тілінде дәріс алатын 18 топ бар. Білім беру ісінде бірінші оқулық мәселесі тұратыны белгілі. Отырыста қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде барлық студенттерді оқулықпен қамтамасыз ету мәселесі де талқыланды.

Жалғасы 2-бетте

ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ БІРЕГЕЙ ЖОБАСЫ



Кеше «Ғылым ордасы» ғимаратында республикамыздың ғылыми ұйымдарындағы магистратура мен PhD докторантурасының эксперименталды оқу бағдарламасының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Шараға ҚР Білім және ғылым министрі А. Сарінжіпов, Білім және ғылым вице-министрі Т. Балықбаев, ҰҒА президенті М. Жұрынов, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов, танымал қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар, магистранттар мен докторанттар қатысты.

Салтанатты шара ҚР БҒМ Ғылым комитеті ғылыми-зерттеу институттарының әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірлесіп, ғылыми кадрларды дайындау бағдарламасы аясында ұйымдастырылды. Биылғы жылы 23 шілдеде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен 10 ҒЗИ ғылым мен білімнің бірігуі жөніндегі Бас келісімге қол қойған болатын. Бұл жоба әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен ҚР БҒМ Ғылым комитетінің 10 академиялық институтына 2014 жылдың 1 қыркүйегінен бастап эксперимент ретінде 100 магистрант пен 50 докторды дайындауға мүмкіндік береді.

Қазақстандық жастарға алғаш рет ғылыми дәстүрлер мен білім берудің заманауи стандарттарын ұштастырған академиялық және ғылыми дәрежені алудың бірегей мүмкіндігі ұсынылып отыр. Құттықтау сөз сөйлеген ҚР Білім және ғылым министрі Аслан Бәкенұлы: «Бүгін біз үшін өте маңызды күн. Алғаш рет жас магистранттар мен докторанттар Ұлттық Ғылым академиясының табалдырығын аттап отыр. XXI ғасыр — ғылым, білім мен технология ғасыры. Осы ғасырдың ортасында — 2050 жылы Елбасы алға қойғандай, біздің еліміз әлемнің дамыған 30 елінің қатарына енуі тиіс. Оған қол жеткізу үшін аса білімді, сауатты жас ғалымдарымыздың жаңа толқынын даярлау қажет. Академиктер мен ғалымдарымыздың білімі мен кемел даналығын алған жастар елімізді алдыңғы қатарға шығаратын қазақстандық жаңа ғылымның негізін қалайды деп сенемін. Жас ұрпақ жаңа ілімді менгеріп, технологиялар мен инновацияларды

экономикамызға енгізетін болады», — деді. Сондай-ақ өз сөзінде министр магистранттар мен докторанттарға қарата былай деді: «Алғашқы болу қиын, жеңіл емес. Себебі бұл жаңа бағдарлама. Кемшін тұстары болмай тұрмайды. Бірақ біз бірігіп, сол мәселелерді шешеміз. Біз жаңа ұрпақ бағдарламасын жасаймыз. Сіздер сол жаңа ғылымды жасаушы ғалымдардан тікелей сабақ аласыздар.

Алғашқы болу — үлкен жауапкершілік. Себебі келер ұрпақ Сіздерге қарап бой түзейді. Сіздердің табыстарыңыз — осы бағдарламаның абыройы. Бұл бағдарламаны қоғам, ғалымдарымыз және тағы басқа мемлекеттік ұйымдар бағалайтын болады.

Алғашқы болу — әрқашан құрмет. Сіздердің есімдеріңіз Қазақстан ғылымына өз үлесін қосқан жаңа жас ғалымдар толқыны ретінде тарихта мәңгі қалады. Сіздер аса маңызды жолдың бастауында тұрсыздар. Осынау ғылымның қиын да қадірлі жолында Сіздерге зор табыс пен шығармашылық жетістіктер тілеймін!»


«Инновациялық жобаның басты мақсаты — жоғары оқу орындары мен қазақстандық ғылыми-зерттеу институттарының мүмкіндігін кеңінен пайдалана отырып, еліміз үшін жас ғалымдар даярлау. Бұл — абыройлы әрі жауапкершілігі зор іс. Біздің артықшылығымыз жоғары білім, жоғары технологиялар мен инновациялармен қатар сапалы ғылымда болмақ. Осы ауқымды жобаны жүзеге асырудың барлық мүмкіншіліктері бар. Университет республиканың басқа ЖОО-ларында кездеспейтін бірегей

Жалғасы 3-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

НАШИ В
ВАТИКАНЕ

4-бет



БҮГІНГІ САНДА:

ЖАҢАШЫЛ
УНИВЕРСИТЕТ

5-бет



БҮГІНГІ САНДА:

СІЗ ҚАНДАЙ
КІТАП
ОҚЫДЫҢЫЗ?

8-бет



Продолжение. Начало на 1 стр.

НАБЛЮДАТЕЛЬНЫЙ СОВЕТ КАЗНУ ВОЗГЛАВИЛ МИНИСТР

Министр А.Саринжилов и члены Наблюдательного совета одобрили и поддержали план развития КазНУ. В связи с реализацией совместного экспериментального проекта КазНУ и НИИ КН МОН РК по подготовке магистров и докторов PhD было одобрено введение новой штатной единицы проректора по интеграции науки и образования.

Также был утвержден новый состав Наблюдательного совета: А.Саринжилов — председатель, Министр образования и науки РК; Г.Мутанов — ректор КазНУ; М.Ашимбаев — депутат Мажилиса Парламента; Г.Есим — вице-президент Казахской ассоциации политической науки НАН РК; Д.Бижанов — заместитель председателя Правления АО «НК «Казахстан инжиниринг»; А.Саткалиев — председатель Правления АО «Самрук-Энерго»; А.Байтасов — председатель совета директоров АО «Рауан Медиа Групп»; Е.Ергожин — генеральный директор АО «Институт химических наук имени А.Б.Бектурова»; К.Нарибаев — заместитель председателя общественного и гуманитарного отделения НАН РК; Е.Аманшаев — президент АО «Казахфильм» им. Ш.Айманова; М.Наурызбаев — директор Центра физико-химических методов исследований и анализа; М.Калимолдаев — и.о. генерального директора РГП «Институт проблем информатики и управления» КН МОН РК; С.Бокаев — руководитель управления по вопросам молодежной политики акимата г.Алматы.

Соб. корр.

Одним из способов решения данной проблемы является двухдипломное образование казахстанских студентов по инициативе наших и лучших зарубежных университетов. Интеграция наших студентов и преподавателей в зарубежный образовательный процесс зависит от расширения международных связей и сотрудничества с ведущими университетами мира.

Для этого государством уделяется большое внимание финансированию грантов на обучение, стажировок и научно-исследовательских работ студентов и профессорско-преподавательского состава казахстанских университетов. Благодаря чему академическая мобильность стала намного выше и сравнима с европейскими вузами.

Гранты на научно-исследовательские проекты позволили ученым Казахстана выезжать в зарубежные командировки для участия в работе крупных международных форумов и конференций, представлять результаты своей работы, обмениваться опытом и знаниями с ведущими специалистами различных отраслей знаний, налаживать международные

Жалғасы. Басы 1-бетте

■ РЕКТОРАТ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЖАҢА БАСТАМАЛАР

Жаңа оқу жылынан бастап студент білімін бағалаудың жаңа әдісі енгізіледі. Онда ағымдағы бақылау — 60%, Mid-term examination — 10% және қорытынды бақылау — 30%-ды құрайды. Midterm examination сегізінші апталықта қойылады.

Сондай-ақ «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығының жұмыс барысын алдағы уақытта жақсарту, ондағы жұмысты барынша оңтайландыру қолға алынатыны да сөз болды.

Күн тәртібінде қаралған екінші мәселе 2014-2015 оқу жылына ҚР Президенті бекіткен және атаулы мемлекеттік шәкіртақыларды тағайындау туралы академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Асқар Құсупбекұлы Хикметовтің ақпары болды. Ол оқу жылының бірінші жарты жылдығына арналған шәкіртақылардың тағайындалуымен таныстырды.

А.Хикметов өз баяндамасында арнайы шәкіртақыға қай факультеттен қанша студент ие болғанын, оқу үлгерімі, GPA көрсеткіші, сабағы, белсенділігі өте жақсы студенттер арасынан іріктелген жастардың ілінгенін айтты.

2014-2015 оқу жылындағы мемлекеттік атаулы шәкіртақыға үміткерлердің есімдері белгілі болды. Олар: І.Жансүгіров атындағы шәкіртақы — Инкәр Әбдікасымова, «Қоғаммен байланыс» мамандығының 4 курс студенті GPA 4,0; Ақан Сері атындағы шәкіртақы — Жанар Аханова, «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының 4 курс студенті GPA 3,95; М.И.Усанович атындағы шәкіртақы — Әйгерім Спанғазиева, «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының 3 курс студенті GPA 3,90; Әл-Фараби атындағы шәкіртақы — Махаш Жалғас, «Стандарттау, сертификаттау



және метрология» мамандығының 3 курс студенті GPA 3,89; А.Чаянов атындағы шәкіртақы — Ажар Қайратбекқызы, «Маркетинг» мамандығының 4 курс студенті GPA 3,96. Ұсынылған студенттер ректорат мәжілісіне қатысушылар тарапынан бір ауыздан мақұлданды.

Баспасөз қызметі

НА ПУТИ К ДВУХДИПЛОМНОМУ ОБРАЗОВАНИЮ



В настоящее время перед вузами Казахстана поставлены задачи обеспечения высокого академического качества и практической направленности образовательных программ как необходимого условия повышения конкурентоспособности своих выпускников.

PhD докторанта 1-го года обучения А. Сергалиева. Уровень подготовки и работа наших студентов в научных проектах вызвали интерес гостей и их желание продолжить наши взаимные отношения на уровне двухдипломного образования. Уже осенью 2014 года планируется отправка группы магистрантов для обучения их в 3 семестре в Keele University в рамках подписанного меморандума о взаимном сотрудничестве.

Другим плодотворным союзом КазНУ им. аль-Фараби с зарубежными вузами является договор о сотрудничестве с Saitamo University (Saitamo, Japan). Декан двух школ Graduate School of Science and Engineering, а также School of Engineering Saitamo University, проф. Y.Sato частый гость механико-математического факультета КазНУ. Он дважды читал лекции студентам и магистрантам кафедр механики, математического и компьютерного моделирования. Кроме того, Y.Sato совместно со мной ведет научное руководство PhD докторантом 2-го года обучения А.Умбеткуловой. Все это послужило основанием для двухнедельного визита группы наших магистрантов в Saitamo University, а также двухмесячной стажировки докторанта Умбеткуловой в том же университете осенью 2013 года.

Нашему университету — 80 лет. Это мало и в тоже время много в летоисчислении.

Мы, выпускники нашего университета 80-90-х годов, оглядываясь в прошлое, в нашу молодость, видим разительные перемены в образовании, участниками которых мы являемся, внося свою лепту. У нас, аспирантов 80-х годов, любовь к науке держалась на голом оптимизме и энтузиазме. У нас не было возможности выезжать на конференции, стажировки, тем более в зарубежные. Но у нас было главное — огромное количество книг, желание их прочесть, масса нерешенных задач и непререкаемый авторитет наших учителей — ученых, служивших для нас примером. Новое поколение студентов обучается в других условиях, с другими требованиями и стандартами. Государством выделяются огромные деньги для развития студентов как личности, идущей в ногу с современным миром и интеграцией в него. Они должны вырасти грамотными специалистами и учеными, которые будут работать во благо своей страны и ее процветания. Пожелаем нашим студентам оправдания наших надежд и хороших учителей на их жизненном пути.

Л.А. ХАДЖИЕВА,
д.ф.-м.н., профессор кафедры
математического и
компьютерного моделирования,
Лучший преподаватель вуза 2013 г.

ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ БІРЕГЕЙ ЖОБАСЫ

ғылыми-инновациялық инфрақұрылымға, ғалымдар мен жаксы ғылыми орта әлеуетіне ие», — деді өз кезегінде ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлы. Сонымен қатар, ректор жобаның жетістікпен іске асуы, ҚазҰУ-дың «Ғылым ордасы» ғылыми-зерттеу институттарымен бірлесуі кадр даярлау сапасын жақсартуға, отандық университеттердің әлемдік білім беру кеңістігіндегі бәсекелестік қабілеттілігін арттыруға оң әсерін тигізетінін атап өтті.

ҚазҰУ — ЖОО-дан кейінгі білім беру — магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша ғана емес, жалпы грант негізінде білім алушылар саны бойынша да көшбасшы. Ел білімі мен ғылымының қасиетті ордасы ҚазҰУ-дың әлемдік білім кеңістігіндегі жетістіктері де айқын. Жаңа оқу жылы қарсаңында ҚазҰУ әлемнің технологиялық тұрғыда дамыған 50 университеттің қатарына еніп, абыройлы 31 орынға тұрақтады. Thomson Reuters мәліметтері бойынша әрбір 6-жарияланым ҚазҰУ ғалымына тиесілі.

Бүгінде университет ҚР БҒМ ғылым комитетінің ғылыми зерттеу институттарымен бірлесіп, магистранттар мен докторанттар даярлау экспериментіне



кірісіп кетті. Білім беру бағдарламалары жасалып, жаңа мамандықтарға лицензия алынды. Сонымен қатар ректор өз баяндамасында ғалымдар, магистранттар мен докторанттарды университеттің өзге де инновациялық жобаларын қолдауға шақырды.

Жаңа жобаның тұңғыш тәлімгерлеріне бата берген ҰҒА президенті Мұрат Жұрынов бұл күні Кеңес уақытынан келе жатқан мәселенің шешім тауып жатқандығын айтып өтті. «Мен Ресейдің Сібірде ашқан Ғылыми орталығында жиі болам. Сонда Новосібір университетінің

студенттері 3 курстан бастап академиялық институттардың зертханаларына бағытталады. Олар бар саналы ғұмырын ғылымға арнаған адамдармен кездесіп, ғылым әлеміне етене араласады», — дей келе, ол: «Құрметті жастар, академия ғалымдары Сіздердің жұмыстарыңызға басшылық етеді. Бұл өмірлеріңіздегі ең бірінші табыстарыңыз. Ірі ғалымға жолығу, онымен бірге жұмыс істеу үлкен бақыт. Мен Сіздерге шығармашылық табыс тілеймін», — деді.

Салтанатты шара барысында ҒЗИ басшылары, ғалымдар, магистранттар мен докторанттар өз ойларын ортаға салып, пікір бөлісті. Сонымен қатар «Ғылым ордасы ғылыми кадрларды даярлау орталығының ресми ашылуы орын алып, оқу ғимараттары таныстырылды. Онда жас ғалымдардың толыққанды оқуы мен ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуына барлық жағдай жасалған. заманауи техникалық жабдықталған аудиториялар, зертханалар, бірегей ғылыми кітап қорына бай оқу залдары тәлімгерлер игілігі үшін қызмет етуде.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

ПІКІР

Тынысбек КӘЛМЕНОВ,
ҚР БҒМ Ғылым комитеті Математика және математикалық модельдеу институтының бас директоры:



— Ж о б а ғылыми зерттеу институттарының тамырына қан жүгіртті. Оның екі жақты тиімділігі зор. Біріншіден, ж а с т а р ғалымдарымызбен бірге ғылыми зерттеу ісіне қатысады. Екіншіден, ғалымдарымыз өзінің ізбасарларын тікелей дайындауға мүмкіндік алып отыр. Жастар мен ғалымдар арасындағы байланыстың мүмкіндігі шексіз. Ғылымға көңіл бөлу, ғылымды мамандық санау — оның дамуының ең бірінші алғышарттары. Осы жоба арқылы ғылымның жаңа тынысы ашылмақ. Ғылымның үлкен мәселелерін жастар ғана түбегейлі шешеді.

Ханкелді ӘБЖАНОВ,
ҚР БҒМ Ғылым комитеті Ш. Уәлиханов атындағы тарих және археология институтының директоры:



— Білім мен ғылымның үйлесіміне қол жеткізу — қиынның қиыны. Міне,

ПІКІР

бірінші қадам жасалды, ал нәтиже алда. Уәлиханов атындағы тарих және археология институты 5 доктор, 12 магистрант қабылдады. Оларға қазір 10-нан артық ғылым докторы дәріс оқуда. Оқу методологиялық кешенін даярлауда, сабақ кестесін жасауда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетімен ынтымақтастықта жұмыс істеп жатырмыз.

Оразалы СӘБДЕН,
ҚР мемлекеттік сыйлығының иегері, академик:



— Бұл келешегі зор инновациялық идея. Қазір жаһандану заманында жаңа идеялар, жаңа жобалар аса

қымбат. Құрметті жастар, алдарыңызда өркениеттің пойызы өтіп барады. Біз оған әлі отырған жоқпыз. Оның вагондарынан 6-технологиялық құрылыстың дыбыстары. Ол дегеніміз нанотехнология, биотехнология, информациялық-коммуникациялық технология. Елбасы осы вагондардың біріне міну керектігін айтты. Ол міндет Сіздерге жүктелген. Жаһандану заманында ғылымдардың біртұтастығы ауадай керек. Сондай-ақ технологияны біле тұрып, қоғамдық ғылымды, руханиятты, ізгілікті білуді ұмытпаңыздар!

ПІКІР

Зарема ШАУКЕНОВА,
ғылым мен білімнің интеграциясы жөніндегі ҚазҰУ проректоры:



— Бірінші рет ғылым институттары ғылыми және педагогикалық кадрлар даярлау ісіне тікелей араласуда. Қазақстандық ғылым мен алдыңғы қатарлы ЖОО тәжірибесі бірігуінің бірегей моделін біз алғаш рет көріп, белсенді ат салысудамыз. Ол әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен зерттеу саласының алыс-жақын шетелдерге танымал ғылыми институттарының күш біріктіруі негізінде жүзеге асуда. 23 шілдедегі Бас келісімге қол қою арқылы осы жобаның жүзеге асуымен ғылыми-зерттеу институттары үшін тарихтың жаңа беті ашылды. Жоба мақсатын айқындайтын негізгі ұғымдар: модернизация, инновация және тәжірибе.

Жылбек КЕРІМБЕК,
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының докторанты:



— Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен «Ғылым ордасы» бірлесіп қолға алып отырған

бұл жобаның болашақта тиімділігі зор болмақ. Өйткені жобаның өз атауы айтып тұрғандай, білім мен ғылымды ұштастыру — ғылыми жетістікке жетудің бірден бір жолы деп есептеймін. Академиялық зерттеу институттары бұған дейін тек ғылыми жаңалықтар ашып, өз еңбектерін жарыққа шығарып келсе, енді ғылыми кадрлар даярлауды да қолға алмақ. Биыл магистратура мен докторантураға түсіп отырған жастардың дені мемлекеттік тілді ғана емес, орыс, ағылшын тілдерін меңгерген. Кезінде белгілі қоғам қайраткері Мұстафа Шоқайдың айтқан сөзі бар екен: «Қазақ елі өсіп-өркендеймін десе, ...әлемнің басқа елдеріндегі ғылым-білімді үйренуі тиіс». Сондықтан біз ғылымды дамытамыз десек, қазіргі өз жетістіктерімізді орыс тілінде ғана емес, ағылшын тілінде де кеңінен насихаттауымыз қажет. Бұған қазіргі жастардың мүмкіндігі зор. Магистратура мен докторантураның ғылыми зерттеу институттарының базасында даярлануының бірден-бір тиімділігі, магистранттар мен докторанттар ғылыми жобаларға қатысып, өз тақырыптарын соның негізінде құрады. Әрі институт базасында ғылыми кадрлардың жаңа легі пайда болады. ҚР Білім және ғылым министрлігі қолдап, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен «Ғылым ордасы» бірлесіп қолға алып отырған игі бастаманың болашағы баянды болғай!

БАЛАСАҒҰН ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ БАЗАҒА – 40 ЖЫЛ

Осы жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих факультетінің студенттері кәсіби тәжірибесін шыңдау үшін салынған археологиялық базаның құрылғанына 40 жыл толып отыр. База – ортағасырлық Баласағұн қаласының орны саналатын Ақтөбе қалашығы. Осынау уақыт аралығында студенттерді маман ретінде дайындау қызметінің тарихы қалыптасты.



1971 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің сол кездегі ректоры Ө.А. Жолдасбековтің ұсынысы бойынша Қазақстанда алғашқы рет тарих факультетінде археология және этнография кафедрасы ашылды. Кафедраның алғашқы меңгерушісі ретінде Қазақстанға танымал археолог, білікті маман т.ғ.к. А.М. Оразбаев шақырылды. Бұл маманданған кафедраның ашылуына Қазақстандағы археология және этнография ғылымының интенсивті дамуы әсер етті. Әсіресе XX ғ. екінші жартысында еліміз маманданған археологтар мен этнографтарды қажет етті. Кафедраның ашылуы Қазақстан тарихын зерттеуге қажетті білікті мамандар дайындайтын бірден-бір ғылыми орталыққа айналды. Жаңа ашылған кафедрада

Қазақстандағы атакты ғалымдар дәріс оқи бастады. Солардың алғашқы қарлығаштары академик А.Х. Марғұлан, т.ғ.к., Х.А. Алпысбаев, т.ғ.д., академик О.С. Смағұлов, т.ғ.д., профессор Х.А. Арғынбаев, т.ғ.к. С.М. Ақынжановтар болатын. Сонымен қатар, ресейлік тәжірибелі де танымал археологтар М.П. Грязнов, С.С. Черников, Ю.А. Заднепровский арнайы шақырумен келіп дәріс оқыды.

1973 жылы Уахит Хамзаұлы Шәлекенов конкурс бойынша өтіп, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (сол кездегі С.М. Киров атындағы ҚазМУ) тарих факультетіне профессор болып орналасты. Бұл кезде археология және этнология кафедрасының ашылғанына не бәрі 3 жыл ғана болған. Алғашқыда кафедрада оқитын студенттер археологиялық практикадан өтетін арнайы ескерткіш болмады. 1973 жылы ҚазССР білім министрлігінің арнайы нұсқауы бойынша жоғары оқу орындарында практиканы жандандыру мәселесі күн тәртібіне қойылады. Сол нұсқауға сәйкес университеттің сол кездегі ректоры Ө.А. Жолдасбековтің тапсыруы бойынша 1974

жылы У.Х. Шәлекенов пен аға оқытушы Н.О. Алдабергенов Жамбыл облысына іссапарға барып, Шу өзенінің бойындағы Қысымшы, Құлан, Тасқала, Шыштөбе, Ақтөбе секілді ортағасырлық қала орындарын көріп шығады. Шу өңіріндегі ең үлкен қалашық Ақтөбе база салатын нысан ретінде тандап алынды. Бірнеше қабат қорғаныс дуалдарымен қоршалған, үлкен жолға жақын орналасқан қалашық база салуға өте қолайлы болатын. Университет ректор тарапынан қолдау болған соң, сол жылдың өзінде Ақтөбеде археологиялық практиканы өткізу басталып кетеді. Алғашқыда ешқандай жабдық та баспана да жоқ болған соң студенттер қатты қиналды. Ақсу өзенінің бойында өсіп тұрған тораңғыл мен жиде ағаштарының түбінде түнеп, түнде масаға таланып, күндіз ыстық күннің аптабына күйіп жүріп практиканы өткізеді. Ауыз су мәселесі де қиын еді. Студенттер Ақсу өзенінің суын ешқандай тазартусыз тікелей пайдаланған-ды. Дегенмен, археологиялық практика өз деңгейінде өткізілді.

Келесі жылы университет ректоры Өмірбек Арсланұлының көмегімен палатка Орта Азия әскери округінің Алматыдағы орталығынан сол кездегі мемлекет бағасымен 15 палатка, 3 әскери кухня сатып алады. Студенттер мен практика жетекшілері осы палаткаларда тұрды. Сол кездегі тарих факультетіне түсетін студенттер құрамының молдығына байланысты қолда бар баспаналар

жеткіліксіз болғандықтан Талдықорған облысының Үштөбе станциясындағы киіз үй фабрикасынан тағы да 6 киіз үй сатып әкелінді.


Бұл КСРО көлеміндегі Жоғары оқу орындарында ашылған екі археологиялық базаның бірі болды. Оның біріншісі Мәскеу мемлекеттік университетінде болса, екіншісі ортағасырлық Ақтөбе қаласындағы ҚазМУ-дың базасы еді. Осы базаны салуда профессор Уахит Хамзаұлы Шәлекенов қыруар күш-қайрат жұмсап, іскерлік танытты.

1977-1985 жылдар аралығында тарих факультетін басқарған Уахит Хамзаұлының ұсынысы бойынша факультетте археология (1983 ж.) және этнография (1984ж.) музейлері ашылып, оларға археологиялық және этнографиялық практика, экспедиция кезінде жиналған заттар қойылды.

Содан бері 40 жыл өтті. Ақтөбе (Баласағұн) қалашығында өткізілген практикалар барысында кәсіби шындалған талай студенттер бұл күнде бүкіл Қазақстанға және алыс-жақын шет елдерге танымал белгілі ғалымдарға айналды. Солардың қатарында М. Елеуов, Ө. Төлеубаев, Ф. Григорьев, С. Жауынбаев, С. Әжіғали, Е. Смағұлов, Ө. Акишев, А. Қалыш, М. Қожа, Б. Қалшабаева секілді көптеген азаматтарды айтуға болады.

Д.А. ТАЛЕЕВ,
т.ғ.к., доцент

Наши в Ватикане



Совсем недавно заведующий кафедрой всемирной истории, историографии и источниковедения КазНУ профессор К.Т.Жумагулов вернулся из командировки в Италию.

Туда профессор был направлен с целью выявления редчайших источников и материалов по тюркской истории, имеющих отношение к древней и средневековой истории Казахстана.

В Ватикане, в книгохранилищах и фондах Ватиканской Апостольской библиотеки, занимающей первое место в Европе по древности и богатству манускриптов (рукописей) и библиографических редкостей, ученым была проделана большая научно-

поисковая работа. Так, им выявлены новые источниковые материалы по истории Гуннской империи, Аварского и Тюркского каганатов, а также государственных и племенных образований на территории Казахстана в эпоху средних веков. Большая часть этих источников представлена на латинском языке.

Среди них редкими источниками являются папская переписка, хроники и другие нарративные источники, которые

содержат ценные сведения по истории гуннов, Тюркских каганатов, Дешт-и-Кипчака, Алтын Орды, интеграции Востока и Запада на Великом Шелковом пути.

Как отмечает профессор, все эти и другие известные уже науке материалы демонстрируют неоспоримую истину о древности казахской государственности, начиная с эпохи саков, гуннов, тюркских каганатов, Алтын Орды и Казахского ханства.

В крупнейшем университете мира Ла Сapiенца (Рим) помимо уникальных свидетельств на латыни, профессор К.Т.Жумагулов, обратил внимание и на данные археологии, исторической лингвистики, а также естественнонаучных дисциплин. Здесь же он провел переговоры по вопросам возможности обмена магистрантами, докторантами и стажерами вузов. Были определены основные направления двустороннего сотрудничества между КазНУ им. Аль-Фараби и Римским университетом Ла Сapiенца.

«Нет сомнения в том, что указанные уникальные материалы пополняют источниковый и литературный запас знаний преподавателей и студентов при написании обобщающих трудов по истории Казахстана, тюркского мира и всемирной истории. Они сыграют значительную роль и в осуществлении научной и учебной деятельности, особенно при подготовке историков нового поколения в рамках бакалавриата, магистратуры и докторантуры», — отметил Калкаман Турсунович.

Соб. корр.

ҚОЛӨНЕР ЖАСТАР ҚОЛЫМЕН

ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында өткен оқу жылы «Жас талант» студенттік бизнес жобасының аясында құрылған «Қолөнер» үйірмесі өз жұмысын тыңғылықты атқаруда.

Студенттердің шығармашылық қабілеттерін арттыру, теориялық және практикада алған білімдерін тұрмыста пайдалануға бағдар бере отырып, өз бетімен жұмыс істеуге машықтандыру: ғылыми ізденіске баулу, ғылыми инновациялық бағыттар бойынша ізденіс, тапқырлық жұмыстарын практикада іс жүзінде жүзеге асыруға жетелеу, қолөнерді жетілдіру, дамыту, сақтау, іске асыру. Адамдардың тұрмыстық сұранысын қамтамасыз ететін қолөнер бұйымдарын даярлаудың ең тиімді әдістерін меңгеру; әдемі, көзартарлық бұйымдар жасау арқылы қол икемділігін дамытып, кәсіпкерлік бейімділігін қалыптастыру; іскерлік өнерге баулу; бос уақытын үнемді пайдалануға бағыттау; жан-жақты белсенділіктерін арттыру; табиғатты аялауға тәрбиелеу мақсатында құрылған бұл үйірме біраз жетістіктерге жетті.

Үйірме өткізген көрмелер мен жәрмеңкелерге оралман топтары тыңдаушыларының қолмен жасаған бұйымдары, құрақ көрпелер мен көрпешелер, моншақтан жасалған әртүрлі әшекей бұйымдар, кестеленген орамалдар, картиналар, ағаштан жасалған бұйымдары қойылып келеді. Жәрмеңкелердегі сатылымнан түскен қаражат шебер студенттерге жалақы ретінде үлестіріледі. Үйірме осылайша студенттердің білім ала жүріп, адал еңбекпен қаражат табуына да өз үлесін тигізіп үлгерді.

М.Н. ИБРАГИМОВА,
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының оқытушысы

10 қыркүйекте сағ. 15:00-де журналистика факультетінде дүниежүзілік “Chevening” стипендиалық бағдарламасының таныстырылымы өтеді



Тарихтың талай тепе-ріші-нен аман өтіп, «мың өліп, мың тірілген» қасиетті қазақ жерінде бүгінде әлем таныған тәуелсіз Қазақ елі көк туын аспандата желбіретіп отыр. Расында, Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық аренаға шығып, өз жетістіктерімен және табыстарымен әлемді аузына қаратуының өзі тарихи жеңіс. Бұл жолда Елбасы еңбегінің зор екенін айтып өту керек. Бірақ, ел болу дегеніміз тек – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық гүлденуі ғана емес, елдік сананы қалыптастыру, ұлттың сапалық құрамын арттыру, рух тазалығын тәрбиелеу екенін ұмытпағанымыз жөн. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, кез келген мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік гүлденуі мен қауіпсіздігі халықтың бі-лімі мен интеллектуалдық ресурстарымен тікелей байланысты. Осы тұрғыдан келгенде мемлекетіміздің ертеңін ойлайтын, ел тұтқасын ұстар азаматтар – бүгінгі жастарға үлкен міндет артылады. Ал, мемлекет басшысы ол үшін жастарға қазіргі таңда жан-жақты жағдай жасап, үлкен мүмкіндіктер туғызып отыр. Сондықтан, олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға ілгерілетіп қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті.

Зұлқайыр МАНСҰРОВ,
Жану мәселесі институтының директоры, химия ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аксақалдар кеңесінің мүшесі

Адам баласының алмайтын қамалы, аспайтын асуы болмайды

Мен еліміздің тәуелсіздігі жолында атқарған тынымсыз адал еңбегім өз нәтижесін беріп, ақталды деп сеніммен айта аламын. Оған Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай бастау алған «Ел тұлғасы» атты халықтық дауыс беру шарасындағы «Ғылым» аталымы бойынша көш бастауым дәлел бола алады. Әрбір нәтижеге жету жолында қиындықтар міндетті түрде болады. Сондықтан, жастарға айтарым, өз армандарыңа, жетістіктерге жету жолындағы қиындықтарды жеңе біліңіздер демекпін. Себебі, әрине, адам баласының басынан неше түрлі қиындық өтеді, ондайда Абай атамыз: «сабыр керек, ой керек, мінез керек» дейді. Менің ойымша, бұған табанды еңбек қосылса, адам баласының алмайтын қамалы, аспайтын асуы болмайды.

Сөзімді қорытындылай келе, бүгінгі жастарға айтар кеңесім: Біріншіден, студент өз университетінің тарихын білу керек, оның бұрын жұмыс істеген және қазір жұмыс істеп жатқан үздік ғалымдары мен ректорларын білу міндетті. Бұл, менің көзқарасым бойынша, адамды жаңа мақсаттарға жетелеп, іштей тәрбиелейді... Екіншіден, шет тілдерін жіті меңгеріңдер. Бүгінгі күні батыс тілдерінің

білімін, әсіресе ағылшын тілін білмесеңіз жұмысқа орналасуыңыз қиын болады, егер болашақта ғалым жолын тандасаңыз ғылыммен айналысуға да қиындық тудырады. Сонымен қатар, тағы бір айта кететін жайт, жастар мамандықты тандауға салғырт қарамаса екен деймін. Үшіншіден, ақпараттық және компьютер технологияларымен тәжірибелі пайдаланушы деңгейінде жұмыс істей білу керек. Жаһандану заманында, ақпараттық технологиялар қоғам дамуында басты рөл атқарып отырған кезде компьютермен жұмыс жасай білмеген күлкілі нәрсе деп ойлаймын.

Төртіншіден, студент университеттегі оқудың бірінші күнінен бастап ғылыми қызметке, өткізілетін ғылыми іс-шараларға, конкурстарға, конференция және т.б. қызығушылық танытып, қатысуы керек деп ойлаймын. Отандық және шетелдік әдебиеттерді алып, көп оқу керек. Соңғысы, міндетті түрде спортпен шұғылданыңыздар. Бұл тек мықты денсаулық кепілі ғана емес, сонымен қатар көтеріңкі еңбекке қабілеттіліктің, іштей шынықтыру мен жақсы көңіл-күй кепілі.

Жазып алған **Айзада ЖОЛДАСОВА**

Жаңашы университет

ҚР Парламентінің кезекті сессиясының ашылуында Президент Нұрсұлтан Назарбаев депутаттар алдындағы сөзінде алда тұрған басты басымдылықтарды нақты көрсеткен болатын. Солардың ішіндегі басым бағыттардың бірі әлеумет саласы жайлы, оның ішінде білім саласын реформалау. Әсіресе автономды білім беруді енгізу арқылы жоғары оқу орындарына өз бетінше ізденіс жасау арқылы қаржыландыруды, білім беру бағдарламасын жасақтауды, жаңа мамандықтар ашуды, тіпті кейбір оқу орны өзінің дипломын беруге болатындығын жан-жақты ұқыптылықпен қарастыруды айтқан болатын.

2014-2015 оқу жылын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңа бастамалармен қарсы алып отыр. 80 жылдық мерейтойын атап өткен кездегі университет жетістіктерінің басым жақтарының бірі – дүние жүзіндегі 800 оқу орнының ішінен 299 орынға ие болуы университет ұжымының жауапкершілігін одан әрі арттырып, одан да жоғары биіктерден көрінуге талпындырады. Өткен 2013-2014 оқу жылындағы жеткен

рентгенологиялық зерттеулер жүзеге асырылады.

Осы диагностикалық орталықты біздің университетіміздің базасында құруды ректорымыз Ғ.М. Мұтанов 2012 жылдың желтоқсан айында қолға алып, Оңтүстік Кореяның Ёнсе Сеул университетінің, Кангам Северанс Медициналық клиникасының басшыларымен кездесіп, келісімшарт жасаудың нәтижесінде жасалынған жобаның іске қосылуына да



Тосжан Балабекұлының фотосы

табыстарымызды атап айтар болсақ, 2 млн. кітап қоры бар әл-Фараби атындағы кітапхананың іске қосылуы студенттер мен ұстаздар үшін сондай керемет тарту деп айтуға болады.

Ал биылғы оқу жылында да жаңа жетістіктеріміз бар. Оның дәлелі – тұңғыш рет студенттерге арналып салынған «Студенттерге қызмет көрсету орталығы» (СҚКО). Іске қосылған бұл орталық – ҚазҰУ қалашығында ауданы 7,5 мың шаршы метрді алып жатқан үш қабатты ғимарат. Бұндай орталық республикамыздың оқу орындарының бірде-бірінде жоқ деуге болады. Осы орталықта студенттерге арнап барлық жағдайлар жасалынған. Атап айтар болсақ, кинотеатр, тіркелу офисі, шаштаразы, студенттер бөлімі, басқа да керекті қызмет көрсетулер іске асырылады. Екінші, жаңалық – диагностикалық орталық. Бұл орталықтың басты қызметі университет студенттері мен оқытушылары және қызметкерлеріне негізгі медициналық тексеруді жүргізіп, денсаулық күйінің функционалдық көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік береді. Әсіресе антропометрикалық, мүшелердің функционалдық деңгейі, клиникалық көрсеткіштері, зертханалық талдау және

аз уақыт қалды.

Осы медициналық диагностикалық орталығында болашақта жұмыс істейтін мамандарды дайындауға университетімізде тікелей ректор Ғ.М. Мұтановтың көмегімен тұңғыш рет жаңа «Медико-профилактикалық іс» медициналық мамандығы ашылды.

Биыл осы мамандық бойынша алғашқы бакалавр, магистратура және екінші жоғарғы білім алушылар бойынша түлектер қабылданды.

Университет ұжымының осындай керемет табыстарға жетуінің себебі неде деген сауалға мынадай жауап берер едім: ол университет ұжымының арасындағы бірлік және әрбір тұлғаның жеке басының мәдениеті, ғылым, білім берумен бірге студенттерге тәрбие берудегі алдына қойған мақсатын жауапкершілікпен орындауы. Сондай-ақ университет басшыларының ұйымдастыру, басқару шеберлігі, күн-түн демей ізденіп, жоспарлап қойған талаптарына жетуге Елбасының, Үкіметіміздің жүргізіп жатқан саясатына сәйкес еңбек ету.

С.Т. ТӨЛЕУХАНОВ,
биофизика және биомедицина
кафедрасының меңгерушісі,
б.ғ.д., профессор



Шығыстың бірегей ойшылы

Ежелгі дәуірлерде өмір сүрген Күнфудзы өсиет сөздері мен тағылымы өз заманының бір көрінісі ретінде қалып қоймай, біздің заманымызға да жетті. Жай ғана жетіп қойған жоқ, әрбір көзі ашық, көкірегі ояу жанның жүрегінен де орын алды. Қытай жұртынан шыққан ойшыл артына бүкіл адамзатқа рухани азық боларлық мұра қалдырды. Рухани ізденіс жолында аянбай еңбек етті, ойланды, толғанды. Ой мен толғаныс тек болмады, жүректен шыққан ой, жүректерге жетті, ақыл бесігін тербетті. Күнфудзы шәкірттерінің ғана емес, дүйім халықтың Ұстазы атанды. Данышпанның мұрасын кейін шәкірттері жаңаша жаңғыртты, ол жайлы түрлі аңыздар мен әңгімелер халық жадында мәңгіге сақталды. Күнфудзы тұтастай бір рухқа айналды, оның есімі мен ілімі осы рухтың өзегі іспеттес.

Кемеңгер жеке адамның қадір-қасиеті жайлы кемел ойларын ортаға салады. Ол ойлардың жиынтығы тұтасымен Күнфудзы ілімін құрап, өмір сүрудегі бір тәсілді айқындайды. Ой-толғанман бөлек тәжірибелік нысаны басымырақ білім – тұлғаны қалыптастырып, даналыққа, терең ой әлеміне шомуға жетелейді. Терең ой көрінісі шексіз емес, олар бір қарапайым, бірақ мазмұнды қағиданы түйіндейді. Олар: парыз, ізгілік, әділет, кісілік сындыларды құрайтын адамгершілік білімі. Яғни адамдарға адал қызмет ету, өз мінез-құлқының өзгелерге жағымды болуы, досына деген адалдық, үйреткеннен өнеге алу. Қандай да болмасын істе әділдік сақтап, мұқият болу, өзгелердің камын ойлау. Ойшылдың әрбір ой түйіні белгілі бір тәжірибеден алынған әлеуметтік жүріс-тұрыс білімін мензейді.

Егер қоршаған ортада негізгі басшылыққа алатын ұстаным қажет болса, ол — мейірімділік. Күнфудзы адамдарды қорқыныш пен үрей арқылы емес, керісінше адамгершілік нормаларымен тәрбиелеуді басшылыққа алады. Бұл Күнфудзының гуманистік ойларын айқындайды. Тен орта және өмірлік ұстаным: «Өзіне тілемегенді өзгеге тілеме». Біріншіден, адам кісілігіне сын, екіншіден, адамның рухани-



адамгершілік денгейінің көрінісін бағдарлайды. Ол ата-бабалар рухын құрметтеу, дәстүрге берік болу халық қасиетінің үйлесімді күйін сақтау. Мұнда адам кісілігінің сапасы анықталады, кісілігі мол пенде адамдықты сүйеді, қиын-қыстау кезде де әрқашан абыройын сақтайды. Саф алтындай таза даналық ешқашан өз құндылығын жоймайтыны секіллі, Күнфудзы ілімінен рухани нәр алған Қытай жұрты қазіргі таңда қайта жаңғыру үстінде. Байыптап қарасақ ойшылдың ескіні қайта жаңғыртып, дәстүрді берік ұстау қағидасы — бұл халықтың дамуындағы үдерістің тереңге кеткен тамыры. Рухани тамыр тұтас жүйені құрап, ғасырлар бойы халықтық қолдау тауып келеді. Бұл Күнфудзы ілімінің өнегелілігін, мәнінің тереңдігін және құпиясы мол сырлы әлем екенін көрсетеді. Руханилықтың құрылымын кемеңгерлер мұрасы құрап көрік берсе, қазақ топырағынан шыққан Әл-Фараби, Абай, Шәкәрім сынды ойшылдарымыздың даналық ойларының да Шығыстың бірегей ойшылымен сабақтас өрілгендігін көреміз.

Әсет ҚҰРАНБЕК, философия ғылымдарының кандидаты, философия және саясаттану факультеті, философия кафедрасының доценті

ҰСТАЗДЫҢ ОЙ ТОЛҒАМЫ

Қытай елі туралы айтқанда, бұл елдің миллиардтаған халқы мен Ұлы Қытай Қорғанын көз алдымызға бірден елестетеміз. Алайда, оның кемеңгер ойшылы, ақылшысы кім дегенде б.д.д. 551–б.д.д. 479 жылдар аралығында өмір сүрген Күнфудзы есімін атаймыз. Күнфудзы ілімін Қытай халқы бірнеше ғасырлардан астам уақыт бойында жадында берік сақтап келеді. Оның мұрасын жаңаша жаңғыртып, күнделікті өмірде басшылыққа да алуға. Мазмұны құнды мирастың бірі «Кеңес пен толғам» –күнфудзышылықтың ең негізгі кітабы және ойшыл мұрасының жаңғыртылған нұсқасы. Бұл шығарма Күнфуазы дүниеден өткеннен кейін шәкірттері тарапынан оның жүріс-тұрысы мен өнегелерінен, қысқа да нұсқа пайымдауларынан, ұстаз бен шәкірттің сұхбаттарынан құрастырылған. Кейін Қытайдың классикалық білім беру жүйесінде кітапты жатқа айту мен мазмұнын талдай білу міндетті саналған.

Адамның бітім-болмысы мен жүріс-тұрысының «алтын ортасын» ұсынған Күнфудзы ілімінің рухани қазынасы әдет-ғұрыпты сақтау және әділдікті орнату болса, ол өзін-өзі жетілдірудің, жанарудың бір көрінісі болып табылды. Күнфудзы өзіне дейінгі ежелгі мұраны жаңғыртуда аянбай еңбек етті және ол еңбегі еш кетпей, халықтық сипат алды. Әркім өз орнын біліп, қызметін адал атқаруы тиіс деген ойшыл қағидасынан данышпанның елдік, адамгершілік мұраттарды көксеуді өмірлік ұстаным ретінде негіздегенін пайымдаймыз. Кемелдікке ұмтылу мақсатында ғұлама білімнің үш түрлі жолы бар екенін айтады: «Ойлану, оқу жолы — бұл ең парасатты жол; Еліктеу, ұқсау жолы — бұл ең оңай жол; Басың тасқа тиіп, тағдырдан сабақ алу, тәжірибе жинау жолы — бұл ең ащы жол».

Күнфудзы мемлекетті адамгершілік жолымен басқаруды ұсынады және онда қорқыныш пен үрейдің орын алуына жол бермейді. Адамгершіліктің мақсаттары жалқы емес, оның негізгілерінің бірі — «адамға деген махаббат». Тек кісілігі

мол пенде ғана адамды сүйе біледі, ал кісілік дегеніміз ізгілік пен ақылдылық, төзімділік пен әділдік. Сондықтан да: «Ғалым кісі табанды әрі тиянақты болмаса болмайды. Өйткені оның өзіне артқан жүгі ауыр және жүрер жолы ұзақ. Оның жүгі — адамгершілік, ол ауыр болмай қалай болсын?! Ол өз жолын өлгенде ғана аяқтайды — бұдан ұзақ жол бар ма?» — дейді дана. «Кеңес пен толғам» шығармасының мән-мазмұны осы секілді көрегендік пен әрбір әлеуметтік тәжірибелердің онтайлы шешімдерінен алынған даналықтан тұрады. Даналықтың негізі мейірімділік пен адамгершілік қасиеттерді құрайды.

Күнфудзының «қайырымдылық бар жерде береке бар» ұлағатымен қайырымды қоғамды аңсаған «Екінші ұстаз» Әбу Насыр әл-Фараби мұрасының сабақтастығын, екі данышпанның да қайырымды және кемел қоғамды аңсағанын аңғарамыз.

Самат ТҮРҒАНБЕКОВ, философия кафедрасының 2-курс PhD докторанты

КҮНФУДЗЫНЫҢ ДАНАЛЫҚ СӨЗДЕРІ

«Адамдар үшін адал қызмет ете алдым ба? Мінез-құлқым жұртқа жайлы ма? Достарыммен қарым-қатынаста адалмын ба? Маған үйреткенді қайталап айтып, өнеге алып отырамын ба?» — деп мен өзімнен күніне үш рет сұраймын.

Мінезін жаксартпағандарды, оқытқанды ұқпағандарды, парызды ұмытқандарды, кемшілігін жоюға тырыспағандарды көргенде қайғы шегемін.

Атақ пен байлық — оған ұмтылмайтын кім бар, бірақ дегдар азамат амалсыз тап болса, қорланбайды. Дегдар азамат адамдыктан аттап қалайша абырой алмақ? Ол кісіліктен дастарқан басында да қол үзбейді. Асығыс опалаң кезінде де, катерлі топалаң кезінде де абыройын сақтайды.

Әркімнің оғаштығы — жан құмарына қатысты. Кісінің қателігіне қара — кісілігін танысын.

Ақ жолды тандай тұра, киімнің жүдеуін, тамағының жадауын намыс көрген кісімен кеңес құру қажетсіз.

Дегдар кісі ізгілікке ынтығады, күйкі кісі тіршілік пайдасына ұмтылады; дегдар кісі жол-жораны сыйлайды, күйкі кісі қара басын ғана ойлайды.

Ысырапшылдық — кепиетке ұласады, үнемшілдік — кеселге ұласады, бірақ кеселден кепиет жаман.

Тікелей қатынасын болмаса, басқанын ісіне қол сұқпа.

Ілімді — күмәнсіз, ізгі — уайымсыз, қаһарман — қорқынышсыз болар.

Ұстаздың мойындауы: — Күндіз ас ішпедім, түнде ұйқыдан бездім, ойландым, толғандым — бәрі пәс; ақылдың мәйегі — оқу екен.

Ізгі кісінің қашан болсын айтар сөзі бар, бірақ айтар сөзі бар кісі ылғи ізгі бола бермейді.

Адамгершіл кісі ержүрек, бірақ ержүректің бәрі адамгершіл емес.

Жетім-жесірге қарайтын, үлкен Отанымыздың тағдырын сеніп тапсыруға жарайтын, парызын сатып кетуте итермелегенмен көнбейтін кісіні ізгі кісі дейміз.

Ғалым кісі табанды әрі тиянақты болмаса болмайды. Өйткені оның өзіне артқан жүгі ауыр және жүрер жолы ұзақ. Оның жүгі — адамгершілік, ол ауыр болмай қалай болсын?! Ол өз жолын өлгенде ғана аяқтайды — бұдан ұзақ жол бар ма?!

Қайырымдылық бар жерде береке бар.

Қайырымы жоқ кісі жарымайды. Олар қуаныш дегеннің не екенін шындап сезіне алмайды. Мейірімді кісі өзі де мейірім көреді.

Сабырлы адам сирек қателеседі. Ақылды азамат сөзге саран, іске жомарт келеді.

Ештеңе оқып, үйренбей-ақ іс тындыруға болады дейтіндер бар. Мен ондай емеспін. Көп тындап,

қалағанымды, көңіліме қонғанын таңдап аламын. Көп байқап, қалағанымды, жаным ұнатқанды ойыма сақтаймын. Білімге жету дегеннің өзін осылай түсінемін.

Мәрт азаматтың тоғыз тарау пайымы бар: қарағанда — анық көріп тұрмын ба деп ойлайды; тыңдағанда — дұрыс естідім бе деп ойлайды; өнім — мейірбан ба, кимылым — ізетті ме, сөзім — риясыз ба, ісім — орынды ма, деп ойлайды; көңілін күмән жайласа — кенеспекке ойлайды; бойын ашу кернесе — ақырғы зардабын ойлайды; несібе, олжа көрсе — обалын ойлайды.

Зижаң Ұстаздан кісіліктің мәнісін сұрайды. Күнфудзы айтыпты: — Аспан аясындағы бес асыл қасиетті бойына жиған адам — кісілікті деп танылмақ. — Накты қандай қасиеттер екенін айтсаңыз. —Сыпайылық, кеңдік, шыншылдық, зияндылық, мейірбандық. Сыпайылық — сыйынды арттырады, кеңдік — құрмет туғызады, шыншылдық — сенімге жеткізеді, зияндылық — табысқа бастайды, мейірбандық — билікке жол ашады.

Ұлы деп айлалылықтан аулақ әрі турашыл, әділдікті сүйетін, адамдардың айтқанын зерделейтін және олардың бет-жүзін барлайтын, өзін өзгелерден төмен қоюға тырысатын кісіні айтамыз. Ол өз елінде ғана емес, өз үйінде де көрнекті.

Алты адасуға апаратын алты себеп: Адамгершілікке ұмтылып, оқығысы келмесе, бұл адасу ақымақтыққа алып барады. Ақылды екенін көрсетуге ұмтылып, оқығысы келмесе, ол өрескелдікке алып келеді. Әділ болуға ұмтылып, оқығысы келмесе, зиян әкеледі. Туралыққа ұмтылып, оқығысы келмесе, дөрекілікке алып келеді. Ержүрек болуға ұмтылып, оқығысы келмесе, бүлікшілікке алып келеді. Қажымастыққа ұмтылып, оқығысы келмесе, онда ол аңдамаушылыққа алып келеді.

Ізгі кісінің жанында үш қателікке жол беріледі: сөйлемейтін кезде сөйлеу — асығыстық, сөйлеуге тиіс кезде сөйлемсе — бұл тұйықтық және әріптесінің бет-әлпеті өзгеруіне қарамай сөйлеу — көрсоқырлық.

Төрт нәрседен бойынды аулақ сал: өнбес ойға берілу; үзілді-кесілді болу; айтқанынан қайтпайтын қыңырлық; жеке басын ғана ойлау.

Адамгершіл кісіде мына бес қасиет болуы керек: Кісіге шын құрмет, кең пейілділік, шыншылдық, зеректік, мейірбандық. Біріншісі — жарамсактануға жол бермейді; Екіншісі — барлығын бағындырады; Үшіншісі — адамдардың көңіліне сенім ұялатады; Төртіншісі — женіске жетуге мүмкіндік береді; Бесіншісі — адамларды басқаруға мүмкіндік туғызады.

Күнфудзы: Кеңес пен толғам / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзін, түсініктерін жазған М. Мағауин. Алматы: Қайнар, 2001. — 220 б.

Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА

ИНСТИТУТ КОНФУЦИЯ

ПРИ КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ

приглашает всех желающих на курсы

КИТАЙСКОГО языка!

Занятия проводят профессоры

Ланьчжоуского университета

Международный тест HSK на базе Института

ул. Карасай батыра, 95, КазНУ, 1 этаж,

каб. №138, Т.: 243-84-64

Әсел Кәрідай
Шығыс
Қазақстан
облысы, Аягөз
ауданы, Бидайық,
ауылында дүниеге
келген. Көптеген
қалалық,,
республикалық, жыр
мүшайраларының,
жеңімпазы. Өлеңдері бірнеше
жинақтарға енген. Қазіргі
танда әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және
әлем тілдері факультетінің,
2-курс студенті.



Екінші апта. Күз күні. Қараша айы.
Дірілдеп Күннің тарайды балауса арайы.
Жанымды менің сарғайған сағынышқа орап,
Сап-сары мұңын жамылды Дала сарайы.

Баспаған Қыстың ызғары атырапты әлі,
Тұрғандай сырттай Күзді бұл бақылап бәрі.
Өмірі болып біреудің үзіліп жатыр,
Тағдыр-Теректің бейкүнә Жапырақтары.

Бақ ішін жуып көз жасы, жылайды Бұлттар,
Әлсіздеу кілтін Аспанның Күн-Ай құлыптар.
Бес күндік келте тіршілік болмаған шығар,
Қараша Күздің күйіне бұлай кіріптар.

Аққуын ансап мұнайды көгілдір Айдын,
Біздерге өмір – қуаныш, өмір бұл – қайғы.
...Санамда ойлар үздіксіз сапырылысып,
Қоңыр Күз таны. Ішімнен қоңыр мұнайдым...

О, Туған Жерім

Иісін ансап топырағынның,
Сағындым сені неше мұң кешіп.
Күй ішін шарлап отырам бүгін,
Жабығып көңіл кешеге ілесіп.

Бойыма желін еседі көктем,
Толығар деймін бүгінгілерім.
Ойыма келіп кешегі өткен,
Қоңырау таққан құлын күндерім.
Көзіммен өзім таң елін ашып,

Еркелеп сенің төрінде өскенмін.
Сезіммен алау әндер ұласып,
Өртеп ек талай қоңыр кештерін.

Жалынды гүлдің қауыз жарғанын,
Ұл-қызы болып жүздеп көретін.
Сағынтты бұл күн абыз даламның,
Жұлдызы түнде тізбектелетін.

Аспаны нұрын сезіммен жайып,
Атқанда таңын жалғастырған Күн.
Тастары тұнған шежіре, тарих,
Сақтаған сырын сан ғасырлардың.

Жұмыр ет жүрек сүйеді екен,
Күш-қайрат алып отыңнан сенін.
Күдірет қонған киелі мекен,
Сағындырдың сен, о, Туған жерім!

Қараша келді қалаға...
Көңілім менің көтерілмей-ақ қойды-ау бір,
Қалмады-ау титтей жүзімде шаттық...
Бойда нұр...
Жігерім жасып...
Тіктей алмадым еңсемді,
Көтеріп келем ойды ауыр...

Күнгірт күндерім өтуде...
Бүгінге ұқсап ертеңім түрер түндігін,
Айырмасы жоқ кешермін тағы мұнды мың.
Сырғиды әрең күрсіністен көз аша алмай,
Бір ғасыр сынды бір күнім.

Көңілім күзбен құлазып...
Шаршатты жұрттың түсінігіндегі мас
ұғым,
Жоғалтып алдым өткен күндердің
асылын.
Төзімім кейде жетпейді...
шыдамсыздықтан
Жылап аламын жасырын.

Тарылып тыныс кеудемде...
Тартып алған ба аппақ сәулесін жарық
күн?..
Әлі де болса демеймін толық сауықтым.
Төрт қабырға мен тар төсек...
Есік...
Терезе...
Қапастан мынау шаршадым, білем...
Жалықтым!..

Қараша келді. Мұздадым.
Жұлдызсыз аспан. Дала қараңғы. Түн
суық.
Тұман жамылған. Қалғандай аспан
түншығып.
Алдағы күнге қажырлы құлшыныспенен,
Үміттің тұр ғой санылауынан Күн
шығып...

Көк пен жерде астасқан үзік-үзік,
Арасында қап қойдым күрән бұлттың.
Бүгін менің нұрым мұң, жүзім сынық,
Бүгін сені, маматай, ренжіттім.

Үндемеумен ішіңнен тынасың сен,
Жасырсаң да, сеземін, өкпеледің.
Білесің ғой өзің де бұл ашумен,
Бара алмайтынымды көпке менің.

Білем, өзім бәріне кінәлімін,
(Мейірімін – сөнбеген терен үлгі.)
Сейілсінші бір сәтке тұман мұның,
Оқып осы кешірім өленімді.

Жол тапқан боп қалайын жолсызда мен,
Бір естіп өмірдің ғажап үнін.
Сен кешірсең болғаны... онсызда мен,
Өз-өзіме қашанда наразымын.

Кірер емес тіпті де басыма тұқ,
Көкірегімде өкініш, өртеген мұң.
Сенен басқа кімге мен ашуланып,
Сенен басқа кімге мен еркелермін.

Таңдау тұрса алдымда барар жол сан,
Сен есесін ескегін желкенімнің.
Кей кездері бұртиып қалар болсам,
Еркелігі деп түсін тентегіннің.

Жанары жоқ жарымжан жандай ғаріп,
Таң атады тағдырға таңдай қағып.
Алматының ағытып бетпердесін,
Алатау тұр алдымда арда ойланып.

Жұмбақ күйін қалдырып әр ғасырға,
Бір өмір мен бір өмір жалғасуда.
Қыздың жасы секілді тарамданып,
Есентай да жылайды арнасында.

Келсе-дағы гүл көктем балақ түріп,
Аңсаған жоқ жаным да тағат қылып.
Жалғыздығым жазықсыз мұнаяды,
Жүрегімнің жыртығын жамап тұрып.

Өмір, өмір... өбектеп санада кіл,
Бір өкініш, бір үміт арада тұр.
Токтауы жоқ, тынымсыз қу дүние-ай,
Күннен-күнге қажытып бара жатыр.

Тағы Түн. КазГУ. Қалашық.
Сен жайлы ойлар мезгілі.
Бағытын таппай, адасып,
Бағым жүр. Сен де сез мұны.

Өзеуреп жүріп өзегім,
Өзіне мен де айналдым.
Кезем деп көңіл кезеңін,
Көзіне сөйтіп байландым.

Сезімге құшақ аш десем,
Тылсымды ұқпадың жанымның.
Көзімнен аққан жасқа сен,
Түншығып қалма, Қадірлім.

Сағынбан! Сен де сағынба!
Біздерге таныс жайт - осы.
Мені аңсап жүрген шағыңда,
Қайырылмай кетсем, қайтесің?!

Сен жырақ жүрсін. Мен жырақ.
Осында жатыр бар күмән.
Келеді сені көргім-ақ...
Кезікпе бірақ алдымнан!

Дайындаған Гүлмира ҚАЗЫБЕК



Досжан БАЛАБЕКҰЛЫНЫҢ фотосы

Сіз қандай кітап оқыдыңыз?



Автордың өзі айтпақшы «Махаббат – әр үйдің алтын дінгегі» екенін естен шығармасақ екен.

Акерке АМАНЖОЛОВА,
ӘЖБЖМ-нің 3-курс студенті

Жадыраған жаз да өтті. Әсіресе, демалыс күндерін барынша қызықты өткізуге тырысқанымыз рас. Шынымды айтсам, әдеби кітап парақтарын ашпағалы біраз уақыт болыпты. Шілде айының бастапқы апталарында өзіме рухани азық жинап, кітап оқуға барынша кірісіп кеттім. Бар ісімді жиып, Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» деген керемет туындысына көз жүгірттім. Мектеп кезінде оқыған бір бөлек, қазір оқыған тіпті бөлек екен. Есейіп, ой түйгеннен болар, бәлкім... Керемет әсерге бөлендім. Махаббаттың үлкен сезім екенін, оның бар байлықтан жоғары екенін талайларға ұқтырғандай сезілді. Қазақ қызына тән ибалылық пен тәрбиелілік, адалдық пен кішіпейілділікті бойына жиған Ментайдай аруларымыз бен нағыз ер жігітке тән қасиеті бар болмысынан табылар Ерболдай азаматтарымыз көп болғай!



арманшыл жас қыз бен журналист жігіттің сергелден тағдырындағы махаббатқа арналады. Өмір жолындағы тағдыры бір-біріне қосыла алмаған қос ғашықтың сарсаң сағынышы олардың өмірін түбегейлі өзгертеді. Шығарма аяқсыз қалса да, ондағы мазмұн адамды өмір сүруге тәрбиелейтін алтын қазынаның ескірмейтін әрі жоғалмайтын кілті іспеттес.

Рухани дүниелерге көңіл бөлейік, құрметті оқырман.

Нұрболат ДОСЖАН,
журналистика факультетінің 3-курс студенті

Биылғы жылдың жадыраған жаз мезгілі мен үшін ерекше мезгілдердің бірі болды. Олай деуімнің басты себебі әрбір күннің атысы мен батысында мен тек рухани дүниелерге ғана зейін қойдым. Солардың ішінде жаныма жақын ұнаған шығармалардың бірі қазаққа аты әйгілі жазушымыз Д. Исабековтің «Қарғын» атты кітабы болатын. Шығарма мазмұны



өзіне көптеген бір жинаққа тоғыстырған бұл кітаптан бүгінгі ұрпақтың үйренері көп.

Арман ҚҰДАЙБЕРГЕН,
журналистика факультетінің 3-курс студенті

Қазақ поэзиясының жауһар жырларын жинақтаған «Ай, заман-ай, заман-ай» кітабы көптеген оқырмандарын тәпті еткендігі мәлім. Жанына рухани байлық сыйлайтын осынау кітаппен жаз мезгілінде танысып шықтым. Әр жыраудың, ақынның жырларын оқып отырып ерекше әсер алдым. Әсіресе, Бұл заманда не ғаріп? Ақ қалалы боз ғаріп, Жаксыларға айтпаған Асыл шырын сөз ғаріп, Замандасы болмаса, Қариялар болар тез ғаріп, – деген Асан қайғының уытты жыры ерекше ұнады. Әр жолдың мағынаны сыйдыра білгені, ақынның ұлылығының айқын көрінісі. Бес ғасыр поэзиясын



«Бөйгі-дүбірге қосылған бір үйір аттың ішінен үш-төрт жүйріктің ғана үзіліп шығатыны секілді, жыр жарысында да бір буын талапкер ішінен бірер талант қана алғашқы сыннан алдырмай өтеді. Өнер жолы тегіс болып көрген емес. Дәлірек айтсақ, өнерде даңғыл жол жоқ. Өз жолыңды өзің саласың». Мен соңғы оқыған, Қадыр Мырзалиевтің «Сөз сиқыры» кітабынан алынған осы бір сөздер жүрегіме оттай қадалып, жан-дүниеме канат бітіргендей болды. Екінші біріне бұйыра бермейтін «Талант» деген кең ұғымды асыл қасиеттермен жан-жақты байланыстыра отырып жазған шығарманың қалың оқырманға берері мол. Адамның ойына кіріп шықпайтын дүниелерді бір арнаға тоғыстырып, оны оқырманға оңай жеткізе білген Қадыр атамның кез келген шығармасынан осындай кереметтілікті байқауға болады. Талғампаз қалың оқырманның жүрегінен ойып тұрып орын алатын асыл қазына болса, ойланбастан Қадыр Мырзалиевтің «Сөз сиқыры» кітабы дер едім.

Ұлдана ЖИЕНҚҰЛ,
журналистика факультетінің 1-курс студенті



Ақтолқын ОРАЗХАН,
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 2-курс студенті

Ізгілік пен зұлымдық – мынау өткінші дүниенің қай дәуірінде, қай кезеңінде болса да қатар жүретін құбылыстар. Біресе аққа, біресе қараға үйір болатын адамдардың өміріне бірінен соң бірі кейде күттіріп, кейде тіпті шақырусыз-ақ келіп-кетіп жатыр... Төлен Әбдіковтің "Парасат майданында" бір өзінің бойында екі түрлі адам: екі түрлі мінез, екі түрлі сезімдер мен бір-біріне мүлдем қарама-қайшы қағидалар өмір сүретін жігіт жындыханада жатады. Кеше ұйықтар алдында ғана адалдық пен әділдікті іздеп шарқ ұрған адам бүгін таңертең катігез, өтірікші адамға айналып оянады. Өз-өзіне хат жазып, екі күннен кейін ол хатқа өзі жауап жазатындай дәрежеге жетеді. Дегенмен, бұл хаттар да тегін емес еді. Әрбір жазған хатында адамдардың барлығын адамгершілік қасиеттерге үндеп, бойында жасырынып жатқан жақсы ниеттерді оятатын күдірет бар болатын. Бірақ оның жауабы керісінше, ақиқат пен шындыққа ғана құлап бара жатқан көңіліңді тежеп отырады. Тежеп отырса да, кейбір зұлымдықтардың да адамға пайдасы тиіп жататынын, қарасыз ақтың қадірін түсіне алмайтынды сезінгендей боласын.

Әрине, бұл қарама-қарсы ойлардың қайсысын бойына сіңірсеңде, ол оқырманның өз еркі. Себебі, шетел әдебиеті стиліне аздап ұқсастау жазылған "Парасат майданы" шығармасынан әрбір адамзаттың үйренері көп-ақ. Өзінің екі жүзді адам екендігін біліп қойған ақылды жігіт, ақыр соңында, өз-өзін өлтіруге бел буады. Өйткені, ол бір адамның жүрегінде жақсылықтың да, жамандықтың да қатар болуы адамзат үшін өте қауіпті екендігін жақсы түсінген болатын.

Төлен Әбдіков дәл осы оқиға арқылы көп нәрсені түсіндіргісі келгендей. Себебі, осы біз өмір сүріп жатқан заманда ізгілікке деген сенімнің өте аз екендігі әрбір қадамыңды басқан сайын дәлелденіп жатқандығы өкінішті-ақ...

Дайындаған Ақмөлдір ТІЛЕПБЕРГЕН

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – **Саягүл ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА**
Тілшілер: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКУЛЫ**
Корректорлар: **Гульмира БЕКБЕРДИЕВА, Айгерім ИМАНГАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Гамма-принт" баспаханасында (Райымбек даңғылы, 369) басылды.
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 1128

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасауы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.